

«РҒБО» АҚ ұжымында Астана Салық комитетінің өкілімен кездесу өтті

Күн: 10.04.2025



АСТАНА. МЕНШІКТІ АҚПАРАТ – 2025 жылғы 10 сәуірде «РҒБО» АҚ орталық кеңсесінде «Ақкөл» және «Көктерек» ғарыштық байланыс орталықтарын қосумен Астана қаласы Есіл ауданының Салық комитетінің қызметкері Әлібек Қадырбаевпен кездесу өтті.

Қонақты таныстыра отырып, «РҒБО» АҚ комплаенс-офицері Боран Дюсенов бұл семинар «Еңбек ұжымындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты» іс-шаралар жоспарын орындау аясында өткізіліп жатқанын атап өтті.



ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің өкілі салықтардың жаңа ережелері, кірістерді декларациялау, 2025 жылға арналған декларацияларды уақтылы ұсыну туралы айтып, кездесуге қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Сондай-ақ, «РҒБО» АҚ комплаенс-офицері Боран Дюсенов ұжымға 2024 жылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

қызмет жұмысының аралық қорытындыларын ұсынды және комплаенс-қызметтің 2025 жылға арналған міндеттеріне тоқталды.

«РҒБО» АҚ қызметі бойынша ішкі талдауды тексеру қорытындылары Басқарма мүшелері мен Аппараттың құрылымдық бөлімшелері басшыларының қатысуымен Басқарма төрағасында өткен кеңесте талқыланды. Кемшіліктерді жою бойынша қабылданған ескертулердің 11 тармағының 10 тармағы жойылды. 2024 жылғы жұмыс қорытындылары туралы толығырақ «РҒБО» АҚ ішкі сайтында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет» бөлімінде оқуға болады, - деп атап өтті Боран Дюсенов.

«РҒБО» АҚ ұжымына 2025 жылға арналған «РҒБО» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды іске асыру жөніндегі жоспар ұсынылды, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер жөніндегі шараларға, мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларға көп көңіл бөлінеді.

В коллективе АО «РЦКС» состоялась встреча с представителем Налогового комитета Астаны

Дата: 10.04.2025



АСТАНА. СОБСТВЕННАЯ ИНФОРМАЦИЯ – 10 апреля 2025 года в центральном офисе АО «РЦКС» с подключением Центров космической связи «Акколь» и «Коктерек» состоялась встреча с сотрудником Налогового комитета Есильского района города Астаны Алибеком Кадырбаевым.

Представляя гостя, комплаенс-офицер АО «РЦКС» Боран Дюсенов отметил, что этот семинар проводится в рамках исполнения плана мероприятий «Политики противодействия коррупции в трудовом коллективе».

Представитель Комитета госдоходов Министерства финансов РК рассказал о новых правилах налогов, декларирования доходов, своевременном предоставлении деклараций за 2025 год и ответил на вопросы участников встречи.



Также комплаенс-офицер АО «РЦКС» Боран Дюсенов представил коллективу промежуточные итоги работы Антикоррупционной службы по

предупреждению коррупции в 2024 году и остановился на задачах комплаенс-службы на 2025 год.

«Итоги проверки внутреннего анализа по деятельности АО «РЦКС» были обсуждены на совещании у Председателя Правления с участием Членов Правления и руководителей структурных подразделений аппарата. Из 11 пунктов принятых замечаний по устранению имеющих недостатков, 10 пунктов устранены. Более подробно об итогах работы 2024 года можно прочесть на внутреннем сайте АО «РЦКС» в разделе «Антикоррупционная служба», - подчеркнул Боран. Дюсенов.

Коллективу АО «РЦКС» был представлен План по реализации мероприятий по противодействию коррупции Антикоррупционной комплаенс-службы АО «РЦКС» на 2025 год, где большое внимание уделяется формированию антикоррупционной культуры, мерам по антикоррупционным ограничениям, мерам по предотвращению и урегулированию конфликта интересов.